Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Ғылыми кеңес шешімімен
БЕКІТІЛДІ
Басқарма Төрағасы – Ректор
_____ С.Қуанышбаев
2022 жылғы «04» мамыр, №10 хаттама

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында білім беру бағдарламасы және оны әзірлеу тәртібі туралы ереже

Арқалық, 2022

1. Білім беру бағдарламаларының (бұдан әрі – ББ) мазмұны бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында ректордың бұйрығымен жұмыс тобы құрылады, оған тиісті даярлау бағыты бойынша тәжірибелі педагог-практиктер мен ПОҚ өкілдері кіреді. Педагог-практиктердің кандидатураларын Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі ұсынады. Жұмыс тобының құрамы 5 адамнан аспайды.

2. ББ әзірлеуді ББ жетекшісі бастаған жұмыс тобы жүргізеді.

3. ББ-ны ББ тобының (бұдан әрі – ББТ) оқу-әдістемелік бірлестігі талқылайды және ұсынады, оны факультет кеңесінің, институттың оқу-әдістемелік кеңесінің отырысы мақұлдайды және институттың Ғылыми кеңесі бекітеді.

4. ББ-ға өзгерістер стейкхолдерлер ұсынымдары бойынша жылына 1 реттен жиі емес енгізіледі және оларды институттың Ғылыми кеңесі бекітеді.

5. ББ келесі компоненттерді қамтиды:

Титул парағы

1) Жалпы ақпарат:

- Бағдарлама циклі,
- Берілетін дәреже,
- Кредиттердің жалпы көлемі,
- Оқу мерзімі;

1.1) Жалпы ережелер;

1.2) ББ мақсаттары;

1.3) ББ міндеттері;

2) ББ бакалаврын даярлау бағытының сипаттамасы:

2.1) Кәсіби қызмет саласы;

2.2) Кәсіби қызмет объектілері;

2.3) Кәсіби қызметтің функциялары.

3) ББ бойынша оқудан күтілетін нәтижелер (12 оқу нәтижесінен артық емес)

4) ББ құрылымы:

4.1) ББ модульдерінің сипаттамасы;

4.2) ББ элективті пәндер каталогы;

4.3) ББ модульдері бөлінісінде игерілетін кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кесте.

5) Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау.

6. ББ модульдерден тұрады. Бір модуль екі және одан да көп оқу пәндерін қамтиды немесе бір және одан да көп пәндердің оқу жұмысының басқа түрлерімен үйлесімі болып келеді.

7. Әрбір оқу пәнінің көлемі академиялық кредиттердің бүтін санын құрайды. Бұл ретте пән кемінде 5 академиялық кредит көлемімен бағаланады. Ерекше жағдайларда пәнді 3-4 кредитке бағалауға жол беріледі.

8. Дене шынықтыру, тілдерді қоспағанда, әрбір оқу пәнінің қайталанбайтын бір атауы болады.

9. Әрбір оқу пәні дене шынықтыру, тілдерді, Музыкалық білім, Көркем еңбек, графика және жобалау ББ-ларының кейбір арнайы пәндерін қоспағанда, бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады.

10. Оқу жұмысының барлық түрлері үшін бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең.

11. Аудиториялық жұмыстың көлемі әр пәннің көлемінен 1/3 бөлігін құрайды.

12. Егер модуль бір-бірімен байланысты бірнеше пәндерді біріктірсе және олардың біреуі екіншісіне пререквизит болса, онда бұл пәндер бірінен соң бірі оқытылу керек.

13. Егер модуль пререквизит болып табылмайтын аралас пәндерден тұрса, онда оларды қатар оқытуға болады.

Major/Minor негізгі және қосымша траекториясы бар білім беру бағдарламалары

1) жалпы модульдер (core) – жалпы білім беру пәндерін циклының пәндерін қамтиды;

2) Major – пәндері кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын негізгі білім беру траекториясы. Мамандықтың негізін құрайтын және нақты ББ шеңберінде жалпы кәсіптік және арнайы құзыреттерді, сондай-ақ жалпы құзыреттерді (сыни ойлау, креативтілік, белсенді өмірлік ұстаным, инновациялылық) қалыптастыруға бағытталған базлық пәндер және кәсіптендіру пәндер циклдерінің пәндерін қамтиды;

3) Minor – бұл пәндері қосымша құзыреттерді қалыптастыратын қосымша білім беру траекториясы. Minor пәндері дайындық бағыты үшін бейінді емес болып табылады. Бұл өзара байланысты немесе бір-бірімен байланысты емес пәндер болуы мүмкін.

Minor ерекшеліктері:

1) олардың өзара байланыстылығы кезінде бірінен соң бірі оқытылатын немесе өзара байланысты болмаған жағдайда кез келген академиялық кезеңде қатар оқылатын бірнеше пәндерден тұрады;

2) көлемі 18-26 кредит;

3) ББ негізгі бөлігіне кіреді (Minor пәндерінің кредиттере ББ 240 кредитіне кіреді);

4) Minor пәндері үшін бейінді ББ ПОҚ іске асырады;

5) Minor пәндеріне сабақ кестесінде тиісті сағат бөлінеді;

6) «пререквизит-постреквизит» қағидаттарына негізделеді.

Minor артықшылықтары:

1) пәнаралық және құзыреттер көкжиегін кеңейту;

2) Minor аясында оқыған пәндер транскриптке енгізіледі;

3) ерекше дүниетанымды қалыптастырады («өмір үшін білім алу»);

4) қосымша құзыреттіліктерді меңгеруге көмектеседі («бұл – құнды қызметкер»).

14. Академиялық бағдарламалар, әдістемелік және ғылыми жұмыстар офисі бекітілген ББ-ны Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізуге өтінім береді. Өтінімді қарау және одан кейінгі рәсім Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы №665 бұйрығымен бекітілген Білім беру бағдарламаларын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау алгоритміне сәйкес жүзеге асырылады.

2022 жылғы «31» тамыздағы, №1 хаттама, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Ғылыми кеңесінің шешімімен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында білім беру бағдарламасы және оны әзірлеу тәртібі туралы ережелеріне келесі өзгерту енгізілсін:

3. ББ-ны ББ тобының (бұдан әрі – ББТ) оқу-әдістемелік бірлестігі талқылайды және ұсынады, оны факультет кеңесінің, институттың академиялық кеңесінің отырысы мақұлдайды және институттың Ғылыми кеңесі бекітеді.